

14 ТАҚЫРЫП. ОРМАН ЖӘНЕ СУ ҚОРЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ, МЕМЛЕКЕТТІК БОСАЛҚЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сұрақтары:

- 1. Орман қоры жерлерінің түсінігі, құрамы.*
- 2. Су қоры жерлерінің түсінігі, түрлері, олардың құқықтық жағдайы. Жағалаудағы жерлердің құқықтық жағдайы.*
- 3. Босалқы жерлердің түсінігі, жалпы сипаттамасы. Босалқы жерлерді беру және пайдалану тәртібі.*

1. Орман қоры жерлерінің түсінігі, құрамы

Қазақстан әлемнің орманы аз елдердің қатарына жатады. Мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 26464,2 мың га. Орман орналасқан аумақ 12374,1 мың га, олардың ішінде 896,7 мың га – қолдан отырғызылған ормандар. Қазақстанның орманды аумағы 4,2% құрайды. Республика аумағының небәрі 4,2%-ін алатын Қазақстанның барлық ормандарының ерекше экологиялық, ғылыми, рекреациялық, эстетикалық және мәдени мәнін, сондай-ақ биологиялық әртүрліліктің табиғи резерваттары ретіндегі олардың орасан рөлін ескере отырып, оларды ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесіне көшіру жөніндегі шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Жалпы орман дегеніміз - Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 24-бабында орман – экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар, қоршаған ортамен ықпалдасатын, бұтақтық және теректік өсімдіктердің, басқа да тірі табиғаттардың құрамдастары негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын табиғи кешен деп көрсетілген. Орманның келесідей белгілері бар:

Биологиялық белгі – бұтақтық, теректік және шөптік өсімдіктердің жиынтығы;

Құқықтық белгісі – заңда белгіленген тәртіппен бөлінген, орман қорының жерлеріндегі өсінділер;

Экологиялық белгісі – қоршаған ортаның жағдайына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі орман заңдылығының бағытын анықтайды, оның мақсаты орман табиғи объектісіне жағымды әсер ету.

Бірінші бағыт - ормандарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету. Табиғи ресурсты экономды пайдалану оны қолдануды азайтады және жойылып кетуіне жол бермейді. Сол мақсатта орман заңдылығында кеспеағаш аймағын бөлу, қорғалуына байланысты ормандарды санаттарға бөлу және т.б. нормалар қарастырылған.

Екінші бағыт - ормандарды күзету мен қорғауды қамтамасыз ету. Ормандар өрттен және заңсыз кесуден күзетіледі, зиянкестер мен аурулардан қорғалады. Осы мақсатта орман заңдылығында орман пайдаланушылардың ормандарды өрттен күзету мен зиянкестер мен аурулардан қорғау міндеттері, орман заңдылығын бұзған үшін жауапкершілік көзделген.

Үшінші бағыт - ормандардың экологиялық және ресурстық потенциалын көтеру. Орман заңдылығы орманды қалпына келтіру және орман өсіру мақсатын көздейді, орман өнімділігінің жоғарылатуға негізгі талаптар қояды, орман пайдаланушыларға міндеттер жүктейді және ормандардың экологиялық және ресурстық потенциалын көтеруге байланысты басқа нормаларды бекітеді.

Қазақстан Республикасының Орман кодексінде орман заңдылығының принциптері бекітілген. Қазақстан Республикасының орман заңдылығы мынадай принциптерге негізделеді:

1) ормандардың климатты реттейтін, орта түзетін, егіс - топырақ қорғау, су сақтау және санитарлық – гигиеналық функцияларды орындайтын жалпы мемлекеттік мәнін мойындау;

2) ормандарды тұрақты дамыту (Қазақстан Республикасының орманды аумақтарын тұрақты ұлғайту);

3) ормандардың, табиғи - қорық қоры объектілерінің, мәдени және табиғи мұраның биологиялық әралуандығын сақтау;

4) ормандарды көп мақсатқа пайдалану;

5) орман ресурстарын ұтымды, үздіксіз, сарқылмайтындай етіп пайдалану;

6) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;

7) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мен алынған сүректі қайта өңдеуді жүзеге асыру функцияларынан орман пайдалануды реттеу функцияларының ара жігін ажырату;

8) Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзудан келтірілген залалдың орнын толтыру;

9) орман ресурстарын ақылы пайдалану;

10) орман қорының жай- күйі туралы ақпараттың қол жетімділігі;

11) халықтың және қоғамдық бірлестіктердің орман қорын күзетуге және қорғауға қатысуы.

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 8-бабына сәйкес, орман қорының жерлері мемлекеттік және жекеше орман қоры жерлеріне бөлінеді.

Мемлекеттік орман қорының жерлеріне табиғи түрде ағаш өскен, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген және ағаш өспеген (орманды және ағаш өспеген алқаптар), орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген жерлер жатады.

Мемлекеттік орман қорына:

1) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар;

2) Табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;

3) Халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды

құбырлардың және басқа желілік құрылыстардың белдеулеріндегі ені 10 метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады.

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 8-ші бабының 3-тармағына сәйкес, жеке орман қорының жеріне Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне сәйкес орман өсіру үшін нысаналы мақсатта жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен қолдан ағаш өсірілген, агроорман – мелиорациялық екпелер, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсірілген жерлер жатады. Қазақстан Республикасының Орман кодексі бойынша орман қорына жатпайтындар:

Жеке ағаштар және аумағы 0,05 гектардан аспайтын ағаш топтары, мемлекеттік орман қоры жерлерінен тыс орналасқан, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде өскен бұтақтық өсімдіктер;

Елді мекен жерлеріндегі көгалдандыру түптері, қала ормандары мен орман парктерін қоспағанда;

Саяжай және бақшалардағы ағаштар мен бұтақтар.

Орманды, сондай-ақ ағаш өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне берілген жер учаскелері орман қорының жері деп танылады.

Орман қорының жеріде мемлекеттік және жеке орман қоры жерінен тұрады.

Табиғи өскен орманы бар және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен отырғызылған жасанды орманы бар жер, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген ормансыз жер мемлекеттік орман қорының жеріне жатады.

Жеке орман қоры жеріне жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар қаражаты есебінен отырғызылған және олардың жеке меншігіне берілген жасанды орманы бар жер жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріне орман иелену тұрақты жер пайдалану құқығымен туындайды. Орман иелену дегеніміз - орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуі үшін мемлекеттік орман иеленушілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін мемлекеттік орман қоры учаскелерін иелену мен пайдалану құқығы, сондай-ақ жеке орман иеленушілерге белгіленген тәртіппен берілетін жеке орман қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Мемлекеттік орман қорының учаскелері орман иелену құқығымен:

1) мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, мемлекеттік орман қорының кешенді пайдаланылуын ұйымдастыру үшін орман мекемелеріне және уәкілетті органның өзге де мемлекеттік ұйымдарына;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметіне байланысты мақсаттар үшін мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарға, мемлекеттік табиғи резерваттарға, мемлекеттік өңірлік табиғи саябақтарға, мемлекеттік ботаникалық бақтарға, мемлекеттік дендрологиялық саябақтарға беріледі.

Орман пайдалану дегеніміз - орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған шарт негізінде туындайды.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билетінің негізінде туындайды. Орман пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады.

Орман пайдаланушы заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры - заңды тұлғаға ауысады.

Орман пайдалану құқығы - орман пайдалану түрі сақталғанда ғана, құқық мирасқорында орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражат пен өндірістік қуаттар және облыстық атқарушы органдар айқындайтын тиісті біліктілікке ие мамандар болған жағдайда, ал орман пайдалану жөніндегі қызметтің лицензияланатын түрі жүзеге асырылатын жағдайда лицензиясы бар болған кезде ғана ауысуы мүмкін.

Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартына, ағаш кесу билетіне, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы ресімделеді. Мемлекеттік орман қорында орман пайдаланудың:

- 1) сүрек дайындау;
- 2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;
- 3) қосалқы сүрек ресурстарын (қабықтар, бұтақтар, түбірлер, тамырлар, жапырақтар, бүршіктер) дайындау;
- 4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, бау-бақша шаруашылығы және өзгеде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман жамылғысы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау мен жинау);
- 5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану;
- 6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалану;
- 7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Су қоры жерлерінің түсінігі, түрлері, олардың құқықтық жағдайы. Жағалаудағы жерлердің құқықтық жағдайы

Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық

су объектілерінің жиынтығын қамтиды. Шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары Қазақстан Республикасының су объектілеріне жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері.

Қазақстан Республикасының су заңдары мынадай қағидаларға негізделеді:

1) халықтың өмірі мен қызметінің негізі болып табылатын сулардың мемлекеттік маңызын мойындау;

2) халықты ауыз судың қажетті мөлшерімен және кепілді сапасымен бірінші кезекте қамтамасыз ету;

3) халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізуі;

4) су алуды азайтуға және судың зиянды әсерін кемітуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игеріп, кешенді және ұтымды су пайдалану;

5) су объектілерін оларды қорғаумен қоса кешенді пайдалану;

6) арнайы су пайдаланудың ақылылығы;

7) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу;

8) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзғандық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;

9) су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудегі жариялылық және оларға жұртшылықты тарту;

10) Қазақстан Республикасы су қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

11) халықаралық нормалар мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде трансшекаралық суларды пайдалану.

Су объектілері, су шаруашылығы құрылыстары және су қорының жерлері су қатынастарының объектілері болып табылады.

Су объектілері келесі түрлерге бөлінеді:

1) **жер үсті су объектілері.** Олардың қатарына су айдындары - өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар, мұздықтар, батпақтар жатады. Жер үсті су объектілері жер үсті суларынан, олардың түбінен және жағалауынан тұрады.

2) **жер асты су объектілері.** Жер асты су объектілеріне мыналар жатады: су тұтқыш аймақтар, тау-кен жыныстарының жиектері мен кешендері, жер асты суларының бассейні, жер асты сулары орындары мен учаскелері, жер асты суларының құрлықта немесе су астынан табиғи шығуы, жер қойнауының суландырылған учаскелері.

3) **Қазақстан Республикасының теңіз сулары.** Қазақстан Республикасының теңіз суларына, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары жатады.

4) **трансшекаралық сулар.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілейтін және (немесе) қиып өтетін жер үсті және жер асты

сулары трансшекаралық сулар болып табылады. Трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау тәртібі Су кодексімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара туралы заңдарымен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленеді.

Пайдалану түрлеріне қарай су объектілері:

1) **ортақ пайдаланудағы су объектілері.** Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, барлық су объектілері ортақ пайдаланудағы объектілер болып табылады.

2) **бірлесіп пайдаланудағы су объектілері.** Жеке немесе заңды тұлғаларға толық немесе ішінара бірлесіп пайдалануға берілген су объектілері бірлесіп пайдаланудағы су объектілері болып табылады. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерін пайдаланған кезде ағын судың төменгі жағында орналасқан су пайдаланушылардың мүдделері бірінші кезекте қанағаттандырылады. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерін пайдаланатын су пайдаланушылар өзара мүдделерді ескеруге, су пайдалану құқығын жүзеге асыруды қиындатпауға және бір-біріне зиян келтірмеуге міндетті

3) **оқшау пайдаланудағы су объектілері.** Жеке немесе заңды тұлғаларға толық немесе ішінара оқшау пайдалануға берілген су объектілері оқшау пайдаланудағы су объектілері болып табылады.

4) **ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінде орналасқан су объектілерін құру тәртібі, қорғау және пайдалану режимі, сондай-ақ оларда қызмет ету жағдайлары Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарымен белгіленеді.

5) **ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері** болып бөлінеді. Қоршаған орта мен аймақ экономикасына басым ықпал ететін және шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін талап ететін жаратылысы табиғи су объектілері ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері деп танылады.

Су объектілерінің, су қоры жерлерінің айналымына, сондай-ақ олар орналасқан су объектілері мен жерлердің иеліктен шығарылуына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін болатын сатып алуға, сатуға, кепілге беруге және басқа да мәмілелер жасасуға жол берілмейді. Су айдындары (өзендер және олармен теңдестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар мен басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су көздерінде орналасқан, ағысты реттейтін су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жер, сондай-ақ осы құрылыстардың су күзет аймақтары мен белдеулеріне және ауыз сумен қамтамасыз етудің бас саға жүйелерін санитарлық күзет аймақтарына бөлінген жер су қорының жері деп танылады. Су айдындары (өзендер және олармен теңдестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, мемлекетаралық және республикалық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан су қорының жері, сондай-ақ осы құрылыстардың су қорғау белдеулеріне және ауыз сумен қамтамасыз етудің бас саға жүйелерін санитарлық күзет аймақтарына бөлінген жер мемлекет меншігінде болады.

Ауданаралық (облыстық) және шаруашылықаралық (аудандық) маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (суару және кәріз жүйелері) алып жатқан су қоры жерінің құрамындағы жер учаскелері, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші бір субъектінің жер учаскесіне қызмет ететін ирригациялық құрылыстары, аталған құрылыстар жекешелендірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде болуы мүмкін.

Жеке және заңды тұлғаларға су объектілерін пайдалану құқығын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша табыстайды.

Жеке және заңды тұлғаларға су объектілері:

1) қысқа мерзімді пайдалану. Қысқа мерзімді пайдалану құқығы бес жылға дейінгі мерзімге табысталады.

2) ұзақ мерзімді пайдалану. Ұзақ мерзімді пайдалану құқығы бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге табысталады.

Су объектілері пайдалануына берілген жеке және заңды тұлғалар су объектілерін пайдалану құқығына билік ете алмайды.

Су пайдалану ортақ, арнайы, оқшау, бірлескен, бастапқы, қайталама, тұрақты және уақытша болып бөлінеді.

Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады. Ортақ су пайдалану құқығы азамат үшін ол туған кезден бастап туындайды және қандай жағдайда болмасын оны одан айыруға болмайды. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

Арнайы су пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілген рұқсат алынған кезден бастап туындайды. Халықтың ауыз су және коммуналдық-тұрмыстық мұқтажын, ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, энергетиканың, балық шаруашылығының және көліктің суға деген қажеттіктерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғыту және басқа да ағынды суларды ағызу үшін мынадай құрылыстар мен техникалық құрылғыларды:

суды жер үсті және теңіз суларынан механикалық және өз бетімен ағызу жолымен алу жөніндегі стационарлық, жылжымалы және жүзбелі құрылыстарды;

жер үсті және теңіз суларына өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, коллекторлық-сорғыту, нөсер және басқа да ағынды суларды ағызуға арналған су бұру құрылыстарын;

ағынды суларды суармалау, булану, сүзгілеу алқаптарына және жергілікті рельефке бұруға арналған құрылыстарды;

бөгеттерді және басқа да суды тежейтін және суды реттейтін құрылыстарды (оның ішінде уақытша бөгеу құрылыстарын);

гидравликалық электр станцияларын;

сумен жабдықтауға, пайдаланылған суды ағызуға, сондай-ақ суды суытуға арналған жылу және атом электр станцияларының су шаруашылығы құрылыстарын;

суармалау, суландыру, суармалау-суландыру және құрғату жүйелерін;

жер асты суларын алу және өзге де мақсаттар үшін, оның ішінде жер асты суларының жай-күйіне әсер ететін құрғату, су деңгейін төмендету және табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу үшін сорғы қондырғыларымен және басқа да суды көтеру құралдарымен жабдықталған су тарту құрылыстарын;

ағынды суларды және басқа да суды жер қойнауына ағызуға арналған су ағызу құрылыстарын (ұңғылар, құдықтар, шахталар);

шахталардан, карьерлерден, штольнялардан, разрездерден алу үшін пайдаланылатын тау-кен қазындыларының су бұру құрылыстарын;

су деңгейін мәжбүрлі төмендетпей жұмыс істейтін, жер асты суларын алуға арналған өздігінен шығатын ұңғыларды, шахта құдықтарын, шегендеу көздерін және басқа да шағын құрылыстарды;

өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғыту және басқа да ағынды суларды, технологиялық ерітінділерді жер асты су тұтқыш жиектерге және тау-кен жыныстары қуыстарына ағызуға арналған сіңіргіш ұңғылар мен құдықтарды;

көмірсутегі шикізатын өндіру кезінде қыртыс қысымын сақтауға және қатты пайдалы қазбалардың кен орнын игеру кезінде жер астын шаймалауға арналған айдауыш ұңғыларды;

судың жай-күйіне әсер ететін басқа да техникалық құрылғыларды қолдана отырып, тікелей су объектісінен алып немесе алмай, жер үсті және жер асты су ресурстарын пайдалану арнайы су пайдалануға жатады.

Оқшау су пайдалану. Су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бір жеке немесе заңды тұлғаға пайдалануға берген кезде оқшау су пайдалану құқығы туындайды. Оқшау су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген шарттармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі. Оқшау су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ортақ су пайдалану жағдайлары немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.

Бірлесіп су пайдалану құқығы су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаға пайдалануға берген кезде туындайды. Бірлесіп су пайдалану кезінде бірінші кезекте халықты ауыз сумен жабдықтаумен айналысатын су пайдаланушылардың мүдделері, сондай-ақ су аяғында орналасқан су пайдаланушылардың мүдделері қанағаттандырылады.

Бірлесіп су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген жағдайлармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі.

Бастапқы және қайталама су пайдалану. Өз мұқтаждарын қанағаттандыру немесе оны қайталама су пайдаланушыларға жеткізу үшін тікелей су объектілерінен су алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы бастапқы су пайдалану болып табылады.

Бастапқы су пайдаланушыдан шарт негізінде су алатын жеке және заңды тұлғалардың су пайдалануы қайталама су пайдалану болып табылады. Қайталама су пайдалануға арналған шартта су беру мақсаты және оны пайдаланудың негізгі талаптары көрсетіліп, бастапқы су пайдаланушы үшін белгіленген лимит шегінде қайталама су пайдаланушыға кесте бойынша су беруге кепілдік беріледі.

3. Босалқы жерлердің түсінігі, жалпы сипаттамасы. Босалқы жерлерді беру және пайдалану тәртібі

Меншікке немесе жер пайдалануға берілмеген, аудандық атқарушы органдардың қарамағындағы барлық жер босалқы жер болып табылады.

Ядролық қару сынақтары жүргізілген жер учаскелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен босалқы жер құрамына ауыстырылады. Аталған жердің құқықтық режимі осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалады.

Босалқы жер оны басқа санаттарға ауыстырғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен және жағдайларда ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің қажеттері үшін және өзге де мақсаттар үшін меншікке немесе жер пайдалануға беріледі.

Бақылау сұрақтары

1. Орман қоры жерлерінің түсінігі, құрамы. Орман қоры жерлерін басқарудың ерекшеліктері. Орман қоры жерлерін пайдаланатын орман шаруашылығы кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің құқықтары.

2. Орман қоры жерлерін уақытша ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланудың тәртібі мен жағдайлары. Орман қоры жерлерін алып қою тәртібі. Орман қоры жерлерін пайдаланушылардың міндеттері.

3. Су қоры жерлерінің түсінігі, түрлері, олардың құқықтық жағдайы. Жағалаудағы жерлерді құқықтық жағдайы.

4. Арнайы және қорғалатын аумақтардағы жерлердің құқықтық жағдайы.

5. Су қоры жерлерін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

6. Босалқы жерлердің түсінігі, жалпы сипаттамасы. Босалқы жерлерді басқару. Босалқы жерлерді беру және пайдалану тәртібі. Босалқы жерлерді пайдалану.

Тест сұрақтары

1. Орман қоры жерінің жеке меншікте болуы мүмкіндігі:

1. Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қаражаты есебнен отырғызылған жасанды орман бар жерлер;
2. Табиғи өскен орманы бар жерлер;
3. Орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұымдарға берілген жерлер;
4. Орман алқаптары жерлері;
5. Ағаш өспеген, бірақ орман қоры жері деп танылған жерлер.

2. Су қоры жерінің жеке меншікте болуы мүмкіндігі:

1. Су шаруашылығы құрылыстары жерлері, егер осы құрвылыстар жекешелендірілген жағдайда;
2. Су ресурстарын басқару комитеті рұхсат берген жағдайда;
3. Су қорғау белдеулерінің жерлері болса;
4. Жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты болса;
5. Жасанды су айдындарының жерлері болса;

3. Орман қорының жері бөлінеді:

1. Мемлекеттік және жекеше орман қоры жері;
2. Ағаш өспеген және өскен орман қоры жері;
3. Мемлекеттік және қоғамдық орман қоры жері;
4. Жасанды және табиғи орман қоры жері;
5. Суарылатын және суарылмайтын орман қоры жері.

4. Орман өсіру үшін жерді жеке меншікке беру алғаш рет енгізілді

1. Жер кодексімен 2003;
2. Жер реформасы туралы заңмен 1991;
3. ҚР Конституциясымен 1995,
4. Шаруа \фермер\ қожалығы туралы заң1998;
5. ҚР Орман Кодексімен 2003.

5. Орман қорының жерінде орналысқан шөп шабу аймақтары шаруа қожалығына берілді:

1. уақытша өтеусіз жер пайдалануға;
2. жеке меншікке;
3. тұрақты пайдалануға;
4. жалпы пайдалануға;
5. бұндай аймақ шаруа қожалығына мүлдем берілмейді.

6. Су қоры жерлеріне жатпайды:

1. ішкі шаруашылық суландыру жүйесі;
2. шаруашылық аралық суландыру жүйесі;
3. су қоймасы бар жерлер;
4. мұздықтары бар жерлер;
5. инфрақұрылыстық құрылымдары бар жерлер.

7. Су қорғау зоналары және белдеулері белгіленеді:

1. жергілікті мәслихатпен;
2. жергілікті әкімшілікаен;
3. су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органмен
4. жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органмен
5. ҚР Үкіметімен.

8. Су қорының жері берілмейді:

1. жеке меншікке;
2. тұрақты жер пайдалануға;
3. ұзақ мерзімді өтеуші жер пайдалануға;
4. уақытша өтеусіз жер пайдалануға;
5. қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалануға.

9. Орман қорының жерлерінде жер учаскесі келесі мақсат үшін бөлініп бере алмайды:

1. ауылшаруашылығы өнім өндірушілерді тұрақты жер пайдалануы үшін;
2. қызметті жер үлесі;
3. ауылшаруашылығы өнім өндірушілердің уақытша жер пайдалануы үшін;
4. аң шаруашылығы үшін;
5. ағаш дайындау ұйымдарының уақытша пайдалануы үшін.

10. Орман белдеулерінің жерлері қандай жер санатына жатады:

1. орман қорының жерлеріне;
2. ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге;
3. босалқы жерлерге;
4. ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға;
5. ағашы жоқ орман қорының жерлеріне.

11. Орман қорының жер учаскесін мына мақсатта алған тұлғалар орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеуден босатылады:

1. көл балық шаруашылығын құру үшін;
2. ағаш өңдеу кәсіпорындардың құрылысы үшін;
3. жол құрылысы үшін;
4. қорғаныс өнеркәсібінің құпияландырылған объектілік орнаалстыру үшін;
5. тұрғын үй құрылысы үшін.

Әдебиеттер

1. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. – Алматы: БОРКИ, 1997. – 295 с.
2. Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасындағы жер құқық катынастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 240 б.

3. Стамқұлов А.С. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы: Заң әдебиеті баспасы, – 2005.
4. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан. Общая часть Учебное пособие - Алматы. 2001.
5. Абдраимов Б.Ж., Боголюбов С.А. Земельное право России и Казахстана: проблемы развития, процессуальные формы реализации. - М.: Юристь, 2007. - 454 с.
6. Стамқұлов Ә.С. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Тараз: Атамұра баспасы, 2003. Жалпы және ерекше бөлім.
7. Мухитдинов Н.Б., Тукеев А.Ж. Право собственности на воды РК в период перехода к рынку. – Алматы: Жеті Жарғы, 1995. – 118 с.
8. Тілешова Г.Ж. Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстан Республикасында орман қорын қорғаудың құқықтық негіздері: Заң ғыл. канд. дис. автореф. - Алматы, 2001. - 26 б.
9. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Орман шаруашылығы жүйесін реформалау туралы: 2000 жылдың 10 ақпанындағы қаулысы // Қазақстан Республикасы ПҰАЖ. - 2000. - N5-6. - 74-құжат
10. Коростелев С.В. Земельное и лесное право. - Санкт-Петербург: Полиус, 1998. - 204 с.
11. Қазақстан Республикасының Орман кодексі: 2003. 8 шілде // Егемен Қазақстан. - 2003. - 19 шілде.
12. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі туралы: 2003 жылғы 3 желтоқсандағы Тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 10 желтоқсан.